

Хаттама

Атырау облысы

Қызылқоға ауданы

Сағыз ауылы, К.Жүсіпов №22

29.10.2021ж

«Жалпы білім беретін №9 орта мектеп» КММ-сі

2021 жылдың 29 қазаны күні Жалпы білім беретін №9 орта мектеп КММ-сі бойынша мектеп асханасындағы ыстық тамақты ұйымдастыру және қадағалау үшін мониторингтік комиссия отырысы болып өтті

Мониторингтік комиссия отырысына қатынасқандар саны-7

- | | |
|----------------------------|---|
| 1. Утегенова Бибигул - | комиссия төрағасы, әлеуметтік педагог |
| 2. Бисенова Гулфайруз - | комиссия мүшесі, медбибі |
| 3. Бейшева Сара - | комиссия мүшесі, оқу ісі жөніндегі орынбасар |
| 4. Хабдығалиев Мейрамбек - | комиссия мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар |
| 5. Избасова Самал - | комиссия мүшесі, ата-аналар кеңесі мүшесі |
| 6. Тұрған Еламан - | комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы |
| 7. Г. Унайшиева - | комиссия мүшесі, психолог |

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының талаптарын басшылыққа ала отырып мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылу жайы
2. Мониторинг жөніндегі комиссия мүшелері жұмысының I-оқу тоқсанындағы қорытынды есебі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Б. Утегенова (комиссия төрағасы) Жалпы білім беретін №9 орта мектеп КММ-сі асханасында 2021-2022 оқу жылында 1-4 бастауыш сынып оқушыларын, атаулы әлеуметтік көмек алатын және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушыларды тамақтандыру бойынша ыстық тамақты бақылау комиссиясы, бракераж комиссиясы өз жұмыстарын атқарды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайлары назарда ұсталып, тамақтандыру кестеге сай үзілістерде жүзеге асырылып отырды. Күн сайын бірінші және екінші кезекте сабақ басталар бұрын оқушылардың сабаққа қатысы тексеріліп бас аспазға ас дайындау жөнінде бекітілген үлгіде сұраныс түрінде берілді. Білім алушылардың асханадан тамақтану кезіндегі қауіпсіздігі сынып жетекшілерге міндеттелді. Тамақтануды жалпы ұйымдастыру, күнделікті бақылау, қадағалау, тосын жайлардың алдын-алу жұмыстарын жүргізу бекітілді. Жалпы алғанда білім алушыларға ыстық тамақтың берілуі барлық талаптарға сай атқарылды.

Жарыссөз:

Г. Бисенова (комиссия мүшесі) - Мектеп асханасындағы өндірістік бақылаудың жүзеге асырылуын, оқушылардың тамақтанудан улануының алдын-алуда тиісті шараларды дер кезінде қабылдап жұмыс жүргізіп келеміз. Алдағы күнге жасаған ас мәзірі перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын мектеп басшысымен бекітіріліп, қол жетімді жерге, яғни асхана бөлмесінде жасақталған «Асхана бұрышы» қабырғасына орналастырылған. Білім алушыларға I-оқу тоқсанында асханада ыстық тамақтың берілуіне «жақсы» деген баға беремін.

С. Избасова (комиссия мүшесі) - Ас блогын тексергенде жұмыскерлері талапқа сай арнайы маман киімімен (ақ халат, шалбары бар жейде, арнайы бас киім, аяқ киім) жұмыс жасап отыр. Білім алушыларға ас беру бөлмесі сиымдылығы-70 оқушыға арналған. Асхана бөлмесінің